

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Елдегі қазіргі ушығып бара жатқан жағдайды қалпына келтіре алмаса өз беделінен, қызметінен айырылу қаупі әбден мүмкін. Көріп отырғанымыздай, президенттің алар асулары халықпен жақсы қарым-қатынас орнатпаса биік болуы екі талай. Президент Юн ала алмаған биік асуларды басқа президенттің бағындыруы болашақта болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келдік.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 윤석열정부.2024//<https://namu.wiki/w/%EC%9C%A4%EC%84%9D%EC%97%B4%20%EC%A0%95%EB%B6%80> (есепке алынған күн: 01.03.2024)
2. 청년 2 인에 묻다.. "내가 윤석열을 지지하는 이유".2022//  
[https://www.ohmynews.com/NWS\\_View/at\\_pg.aspx?CNTN\\_CD=A0002814928](https://www.ohmynews.com/NWS_View/at_pg.aspx?CNTN_CD=A0002814928) ( есепке алынған күн: 05.03.2024)
3. 한국자취생애인협회, 윤석열 후보 지지선언2022//  
<https://www.ablenews.co.kr/news/articleView.html?idxno=97503> ( есепке алынған күн: 06.03.2024)
- 4 윤석열 프로필 – 좌찬검사에서 대선후보까지,2022//  
[/https://gfsmaru.tistory.com/entry/%EC%9C%A4%EC%84%9D%EC%97%B4-%ED%94%84%EB%A1%9C%ED%95%84-%EC%A2%8C%EC%B2%9C%EA%B2%80%EC%82%AC%EC%97%90%EC%84%9C-%EB%8C%80%EC%84%A0%ED%9B%84%EB%B3%B4%EA%B9%8C%EC%A7%80](https://gfsmaru.tistory.com/entry/%EC%9C%A4%EC%84%9D%EC%97%B4-%ED%94%84%EB%A1%9C%ED%95%84-%EC%A2%8C%EC%B2%9C%EA%B2%80%EC%82%AC%EC%97%90%EC%84%9C-%EB%8C%80%EC%84%A0%ED%9B%84%EB%B3%B4%EA%B9%8C%EC%A7%80) (есепке алынған күн: 09.03.2024)
5. [신뢰도 조사] 신뢰도 가장 낮은 현직 대통령 윤석열2022//  
<https://www.sisain.co.kr/news/articleView.html?idxno=48441> (есепке алынған күн 12.03.2024)
6. 윤석열 대통령 국정기조 바꾸는 것만이 대한민국 혼란상을 끝낼 길이다.2023//  
<https://m.blog.naver.com/interojh/223178550177> (есепке алынған күн 14.03.2024)
7. (8 월 26 일)윤석열 대통령 대한민국은 당신의 실험실이 아닙니다.2020-2023//  
<https://m.blog.naver.com/jongroyang/223223174143> (есепке алынған күн: 15.03.2024)
- 8.[전쟁위기] “아게 다 전쟁광 윤석열 때문...탄핵해야”...49 차 평화촛불2024//  
<https://www.jajusibo.com/64212> (есепке алынған күн: 17.03.2024)
9. Грозит ли импичмент Юн Сок Ёлю в 2023 году? 2022// <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/grozit-li-impichment-yun-sok-yelyu-v-2023-godu/> (есепке алынған күн: 19.03.2024)

ӘОЖ 378.096

### ҚЫТАЙ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘУЛИЕ ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІ

Әбикен Ажар Сайранқызы

[abikenovk2017@gmail.com](mailto:abikenovk2017@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - А.М. Азмуханова

Кез-келген қоғамның сипаты және оның алға қарай дамуы сол қоғамның рухани ахуалымен анықталатыны белгілі. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулардың табысты болуын көп жағдайда, сол қоғамды құратын жекелеген адамдардың рухани даму деңгейі анықтайды. Егер ХХІ ғасырда рухани құндылықтарды қолдамайтын болсақ, болашақтың терең бойлап жатқан мұраларымыз ұмыт болмауына кім кепіл? Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: “Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласса, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз. Бұл – халқымыздың жүріп өткен жолы. Сол себепті, қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек.” Бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйене отырып, рухани дәстүрлеріміздің ерекшеліктерін, ондағы аруақты мойындау және әулиелерге тағзым етудің орны мен маңызын ғылыми негізде айқындап, халыққа қайта ұсыну аса өзекті мәселе болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты Қытай тарихындағы әулие феноменін зерттей отырып, Қытайдағы әулие адамдар және әулие жерлермен оқырмандарды таныстыру. Қытай тарихы рухани жағынан өте бай халықтардың бірі. Оның дәлелі қаншама ілім мен діндердің бір халықта ұштасуы.

Қытайдың ежелгі тарихында әулие саналған адамдар аңыз бойынша ешқашан өлмес 8 адамды атап өтеді. Өлмес немесе әулие адамдар көп нәрсе жасай алады. Әулие - бұл жай, қарапайым адам емес. Мың жылдар бойы өз қалпын сақтап қалатын ерекше жан. Сегіз өлмейтіндер Қытайдағы ең құрметті және сүйікті құдайларға айналды. Адамдар оларды биік тауда өмір сүреді және 8 өлместі жердегі өмір қызықтырмайды деп санайды.

Бұл мақалада біз оларды қысқаша таныстырамыз. Чжун Ли Цюань. Біздің дәуірімізге дейінгі 1122 жылдан бастап 249 жылға дейін жер бетінде өмір сүрді. Ол қолбасшы болған. Оның қолында өлілерді тірілтетін желдеткіш бар. Сондай-ақ ол өмір эликсирі мен реинкарнация сусынының сырын білген.

Ли Те Гуай. Ол біздің заманымыздың сегізінші ғасырында өмір сүрген. Деректерге сәйкес, ол дәрігер болған және науқастарды шебер емдегені үшін Нефрит императорынан марапат ретінде өлместікке ие болған.

Люй Дунбинь. Даосизм алхимиясының шебері болып саналады. Оны өсімдік майын сататын шәйнегі бар өте мейірімді қария деп сипаттайды. Люй Дунбиннің құрметіне Юнгле қаласына жақын жерде Люй Дунбин храмы салынды.



*Люй Дунбин храмы*

Хань Сян Цзы. Сегіз өлместің ең жасы. Ол туралы алғашқы мәліметтер Сүн әулетінде пайда болды. Ол министр Хан Юдың жиені және Лю Дунбиннің шәкірті болды. Ол музыканттар мен бағбандардың қамқоршысы.

Чжан Голао. Ол Тан әулеті кезінде өмір сүрсе де, оның өте ұзақ өмір сүргенін және баяғыда өлместікке қол жеткізгенін бәрі біледі. Голаоның өзі Ұлы император Яо кезінде министр болғанын мәлімдеді.

Цао Гоцзю. Энергияның мәңгілік түрленуі туралы білімге қол жеткізді, сонымен бірге ұлы тұлға ретінде өмір сүруді жалғастырды. Бұл оған Ратчет шебері деген лақап ат сыйлады. Ол актёрлердің әулиесі болып табылады.

Хэ Сяньгу. Бұл лотос гүлі, флейтамен бейнеленген сұлу қыз. Ол ошақ пен үй шаруасындағы әйелдерді қорғайды.



*Хэ Сяньгу бейнесі*

Лань Цайхэ. Тан дәуірінің кейінгі жылдары өмір сүрген деген болжам бар. Үнемі ән айтады, өлең жазады, шарап ішеді. Ол айналасындағылардың бәрін елемейді және үнемі көңілді. Оның көтеріңкі көңіл күйі айналасындағылардың бәрін қамтиды. Аңызда ол барлық өлмейтіндерге сусын бергені және олар сыртқы алхимиядан ішкі күштерге негізделген өлместік іздеуге көшкенін айтады. Ол, Хань Сян Цзы сияқты, музыканттарды, сонымен қатар бағбандарға қамқорлық жасайды.

8 өлмес Қытай тарихында аңыз әулиелерге айналған. Адамдар олардың шын өмірде болғанына сенеді және оларды пір тұтады.



*8 әулие мұхиттан өтуде*

Қытайда әулие адамдармен қатар әулие жерлерде аз емес. Ол жерлер әртүрлі дін өкілдеріне тән. Мысал ретінде біздің дінімізге сәйкес мұсылмандардың әулие жерлеріне шолу жасайық. Қытайдағы мұсылман зираттары мен кесенелері көбісі Асхаб мешітінің айналасында

шоғырланған. Оны 1009 жылы араб мұсылмандары негізін қалаған. Көптеген жерлеу орындары 1950 жылы табылды. Олар алғашында Асхаб мешітінде жерленді, кейін Цюань Чжоу мұражайына тапсырылды.

Жәдігерлердің екінші маңызды көзі – Пайғамбардың (с.ғ.с.) екі сахабасы жерленген Линг-Шань қаласындағы мұсылман зираты. Олар Қытайға исламды уағыздау үшін келіп, Цюань Чжоуда қайтыс болды. Адамдар жерленген жерден шыққан жарықты көргеннен кейін «Әулиелер бейіттері» (шең му) деп атады.

Линг-Шаньдағы үш мұсылман қабірі Юань және Мин әулеттері кезінде Цюань Чжоудағы ислам дінін ұстанушылар үшін ең маңызды жерлеу орындарының бірі болып табылады. Мұсылман зираттарындағы тастардағы жазулардың көпшілігі Құран үзінділері болып табылады олар әдетте мешіттерді сондай-ақ гранит ескерткіштер мен құлпытастарды безендіру үшін қолданылған.

Қытайдағы Мұсылмандардың ең қасиетті жерлерінің бірі – Қашқардағы Аппак қожа мазары. Оны «Хазлат мажжа» (әулиенің моласы), «Қожа бейіті» деп те атайды. Ол сонымен қатар аймақтағы ең маңызды исламдық қасиетті орындардың бірі болып саналады. Бұл кесененің ішінде 17 ғасырдағы әйгілі мұсылман уағызшысы және Қашқар билеушісі Аба-Қожа әулетінің бес ұрпағының 72 бейіті бар.



*Қашқардағы Аппак Қожа кесенесі*

Кесене құрылысы 1607 жылдан бастау алады. 19 ғасырда қабірді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 1956 жылы толықтай қалпына келтіріледі. 1996 жылы мемлекет қаражатына қайтадан жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі уақытта Аппак қожа мазары тек мұсылмандар үшін ғана емес, көптеген туристер үшін баратын қасиетті мекенге айналған.

Кесене Шыңжаңдағы ислам сәулет өнерінің ең жақсы үлгісі болып табылады. Ортасында биіктігі 56 фут (17 м) үлкен күмбез бар, оның жан-жағында жолақтары мен арабеск гүлдері бар төрт бұрыштық мұнаралар орналасқан. Мұнаралардың әрқайсысының терезелері әртүрлі геометриялық өрнекке ие, ал төбелерінде төңкерілген лотос күмбезі мен жиектері иілген мұнаралар бар.

Қытайдың Линся қаласы маңызды болып табылады, өйткені мұнда басты тәлімгер Ю Бабаның атақты кесенесі орналасқан. Қала «Қытайдың Кіші Меккесі» деп аталады. Бей Чен Цзяо Гунбэй (қала қабырғасының солтүстік бұрышындағы кесене) деп те аталады. Кешен екі рет қираған – алдымен 1928 жылғы көтеріліс кезінде, содан кейін 60-шы жылдардағы мәдени революция кезінде. Ғимарат 20 ғасырдың аяғында ғана қалпына келтірілді. Кесене Қытай

сарайының қасбеттері мен араб интерьерінің безендірілуін үйлестіретісәулетімен ғана емес, шейхтердің рухани шежіресі шоғырланған жер болып табылады.



*Линсядағы Юй-Бабы кесенесі*

### **Қорытынды**

Шетелдік зерттеушілердің ойынша Қытайдың діни мәдениеті осы заманда тоқырауға ұшырап отыр. Сондықтан да мемлекет пен тұтас қоғамның дамуына аса қажет құбылыс ретіндегі діни мәдениеттің қалыптасуы үшін бірегей діннің, монотеистік діннің қаншалықты қажет екенін қазіргі Қытай Халық Республикасының басшылығы түсініп отыр. Дегенмен Қытай үкметі діни жәдігерлерге құрметпен қарайды. Біз оны қалпына келтіру, тарихты зеттеу жұмыстарынан көре аламыз. Бұрынғы заманнан бері келе жатқан жәдігерлерлерді осы күнге дейін жеткізу үлкен еңбек.

Мақалада Қытай елінде әулие саналатын сегіз өлмеске қысқаша шолу жасалды. Халықтың әулиелерге сенімі, нанымы айқындалды. Қазақ халқына жақын мұсылман дінінің негізгі жәдігерлеріне шолу жасалды. Көптеген кесенелер Түркістан, Тараз қаласындағы қасиетті жерлермен ұқсастық бар екенін байқадық. Болашақта Қытай жеріндегі қасиетті мұсылман нысандарын Қазақ жеріндегі әулие жерлермен салыстыра отырып, ұқсастықтары және айырмашылықтарын талдап жазғым келеді.

Біздің елде жәдігерлерге деген құрметті мемлекеттік дәрежеде көрсетілуін Қытай практикасынан үлгі алсақ болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи құндылықтар біз үшін асыл қазына.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тоқаев Қ.-Ж. 3-ші Ұлттық құрылтайдағы баяндамасынан// <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (Дата обращения 01.03.2024)
2. Истоки Чун Ли Сан // [https://vk.com/@mudrosti\\_istoka-chzhun-li-cuan-vosem-bessmertnyh-fenomeny-drevnei-civilizaci](https://vk.com/@mudrosti_istoka-chzhun-li-cuan-vosem-bessmertnyh-fenomeny-drevnei-civilizaci) (Дата обращения 01.03.2024)
3. Қасиетті орындар // [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D1%83%D1%8D%D0%B9\\_\(%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D1%83%D1%8D%D0%B9_(%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4)) (Дата обращения 01.03.2024)
4. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D0%B2%D0%B7%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%B9\\_%D0%90%D0%BF%D0%BF%D0%B0%D0%BA%D0%B0\\_%D0%A5%D0%BE%D0%B4%D0%B6%D0%B8](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D0%B2%D0%B7%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%B9_%D0%90%D0%BF%D0%BF%D0%B0%D0%BA%D0%B0_%D0%A5%D0%BE%D0%B4%D0%B6%D0%B8) (Дата обращения 01.03.2024)
5. Мусульманские захоронения в Китае // <https://www.islamisemya.com/musulmanskie-zakhoroneniya-v-kitae.html> (Дата обращения 01.03.2024)

6. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BC\\_%D0%B2\\_%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D0%B5#:~:text=%D0%9E%D0%BD%D0%B8%20%D0%BD%D0%B0%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8F%D1%82%D1%81%D1%8F%20%D0%B2%20%D0%9A%D1%83%D0%BD%D1%8C%D0%BC%D0%B8%D0%BD%D0%B5%2C%20%D0%9F%D0%B5%D0%BA%D0%B8%D0%BD%D0%B5,%2C%20%D0%A7%D0%B6%D1%8D%D0%BD%D1%87%D0%B6%D0%BE%D1%83%2C%20%D0%98%D0%BD%D1%8C%D1%87%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20%D0%B8%20%D0%A3%D1%80%D1%83%D0%BC%D1%87%D0%B8.](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BC_%D0%B2_%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D0%B5#:~:text=%D0%9E%D0%BD%D0%B8%20%D0%BD%D0%B0%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8F%D1%82%D1%81%D1%8F%20%D0%B2%20%D0%9A%D1%83%D0%BD%D1%8C%D0%BC%D0%B8%D0%BD%D0%B5%2C%20%D0%9F%D0%B5%D0%BA%D0%B8%D0%BD%D0%B5,%2C%20%D0%A7%D0%B6%D1%8D%D0%BD%D1%87%D0%B6%D0%BE%D1%83%2C%20%D0%98%D0%BD%D1%8C%D1%87%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20%D0%B8%20%D0%A3%D1%80%D1%83%D0%BC%D1%87%D0%B8.) (Дата обращения 01.03.2024)
7. Формирование мусульманских общин в Китае и мучульманские святыни // <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-musulmanskih-obschin-v-kitae-i-islamskie-svyatyni-inchuani-ninsya-hueyskiy-avtonomnyy-rayon-knr/viewer> (Дата обращения 01.03.2024)
8. Китайские мусульмане // <https://cyberleninka.ru/article/n/kitaytsy-musulmane-v-dar-al-kufr/viewer> (Дата обращения 01.03.2024)
9. Паломничество мусульман Восточного китайского Туркестана: историко-сравнительный аспект [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%BE%D1%81%D0%B5%D0%BC%D1%8C\\_%D0%91%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%BD%D1%8B%D1%85](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%BE%D1%81%D0%B5%D0%BC%D1%8C_%D0%91%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%BD%D1%8B%D1%85) (Дата обращения 01.03.2024)

УДК 314.1

## **К ПРОБЛЕМЕ ГЕНДЕРНОГО НЕРАВЕНСТВА К ПОЛОЖЕНИЮ ЖЕНЩИН В ЯПОНСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

**Әділбекқызы Сымбат**

*[simaa01@mail.ru](mailto:simaa01@mail.ru)*

магистрант факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.А. Тулеубаева

Для понимания проблемы гендерного неравенства в Японии, важно рассмотреть количественные данные, представленные в докладе Всемирного экономического форума «Глобальный гендерный разрыв». В нем оценивается гендерный разрыв во всем мире. Индекс гендерного разрыва (GGI) состоит из четырех областей: экономическое участие и возможности, уровень образования, здоровье и выживание, а также расширение политических прав и возможностей. В 2020 г. показатель Японии составил 0,652, что соответствует 120 месту среди 156 стран, и это стало худшим показателем среди стран G7 и АСЕАН [1]. В свою очередь, индекс гендерного неравенства (GII) является составным показателем, отражающим неравенство в достижениях между женщинами и мужчинами в трех измерениях: репродуктивное здоровье, расширение прав и возможностей и рынок труда. Этот показатель, приведенный в «Докладе о человеческом развитии за 2020 г.» программы развития ООН демонстрирует, что Япония находится на 24-м месте среди 160 стран [2]. Эти два отчета противоречат друг другу, поскольку в них используются разные показатели для оценки гендерного равенства: в то время как GGI ориентирован на политику и экономику, GII больше фокусируется на безопасной среде, окружающей женщин, такой как условия родов. Таким образом, количественных данных недостаточно, чтобы показать все аспекты гендерного неравенства. Скорее, важно решить, какому аспекту следует уделять приоритетное внимание при оценке гендерного неравенства. С количественной точки зрения, в Японии действительно наблюдается недостаточная представленность женщин в политике и экономике. Только 9,9% политиков – женщины в Нижней